ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 маусымы Іс№6213-22-00-2/242 Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Б.Агедилованың төрағалық етуімен,
хатшылықта Н.Кизирова қатысумен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ұлытау облысы қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

ЖАУАПКЕР:
"RoadHunters(РоудХантерс)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;
2. Айыппұл сомасын өндіру;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талапкердің өкілі К.Хасенова, прокурор А.Камашев;

<u>СИППАТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 25 ақпанында мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша талап қоюшы және жауапкер арасында №10 тауарларды сатып алуға мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды.

Шарттың жалпы сомасы – 370 000 теңге.

Келісім шарт негізінде міндеттеме шарт бекітілген уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылдың 17 наурызына дейін орындалуы тиіс болатын.

2023 жылдың 12 сәуірінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы хабарлама жолданған, алайда мердігер тарапынан өз міндеттемелерін орындауға әрекет болмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою келтіріп, онда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 21.06.2023

жосықсыз қатысушы деп тануды және 9620 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланған жауапкер, оның өкілі сотқа келген жоқ, мобильді қосымша арқылы сот отырысына қатысуға қосылмады. Істі оның қатысуынсыз қарау не сот отырысын кейінге қалдыру туралы арыздар түскен жоқ. Осыған байланысты сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4 бөлігінің тәртібімен істі тараптардың қатысуынсыз қарауды анықтады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Заңның 38-бабы 4-тармағының негізінде әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сот мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша тараптар арасында шарт жасалғанын анықтады.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, жұмысты уақытында орындауға келісті және міндеттеме алды.

Сонымен қатар, жауапкердің шарт бойынша міндеттемесі орындалмаған.

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 21.06.2023

Өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгіну үшін Заңда көрсетілген мерзім сақталған.

Мұндай жағдайларда талап қоюшының талабы негізді және қанағаттандырылуға тиіс.

№2 талап бойынша

Мекеме жауапкерден 9620 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған.

АК-нің 293, 298 бабтарына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу /айыппұл, өсім/ деп танылады. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 7.3 тармақшасына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды, не міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Талап қоюшы 2023 жылдың 17 наурызынан 12 сәуір аралығына 26 күнге тұрақсыздық есебін жасаған (370 000 теңге*0,1%*26 күн=9620 теңге). Сот тұрақсыздық есебін тексеріп, оны дұрыс деп санайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, талап қоюшының тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады. АПК-нің 117 бабына сай жауапкерден 9620 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес талап қою берілген кезде талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж жауапкерден жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 223-226, 403 – баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

Талап қоюшы Ұлытау облысы қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер "RoadHunters(РоудХантерс)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 21.06.2023

"RoadHunters(РоудХантерс)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"RoadHunters(РоудХантерс)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджеттің кірісіне 9620 (тоғыз мың алты жүз жиырма) теңге тұрақсыздық айыппұл, 2015 (екі мың он бес) теңге мөлшерінде баж салығы өндірілсін.

Шешім, егер оған шағым немесе прокурордың апелляциялық өтінішхаты келтірмесе, оған аппеляциялық шағымдану, прокурордың апелляциялық өтінішхаты келтіру өткен соң заңды күшіне енеді. Шешімге Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ұлытау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Агедилова Ж.Б.

Копия верна

Судья Агедилова Ж.Б.

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 21.06.2023

6213-23-3-1/248